

Тақырыбы:

«Қазақ елім-байлығым»

Тәрбиешілер:Агадиева К.А.

КасымгалиеваМ.О.

2024 оқу жылы

«Қазақ елім-байлығым»

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Бақыт бірлік күн талабы,

Тоқтамайды дүбір әні.

Мәңгі бақи шырқалады,

Республика Әнұраны!

2. (Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны шырқалады)

Жүргізуші: 25-қазан Республика күніне арналған « Қазақ елім -байлығым » атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз!

Бірге: Қазақстан!

Жүргізуші: Балалар!

Арайланған таңды сүйетін кім?

-Біз

Алтын сәулені сүйетін кім?

-Біз

Жарын даланы сүйетін кім?

-Біз

Ата-ананы сүйетін кім?

-Біз

Досын сүйетін кім?

-Біз

Болашағы елімнің кім?

-Біз

Отанын сүйетін кім? БІЗ!

Жүргізуші:

Қасиетті Қазақстан мекенім,

Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.

Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,

Болашағым, өнер - білім, өркенім.- демкші Балалардың керемет бір әнін тамашалайық.

Балалар елімізге, жерімізге арналған «Тәуеліз ел бақыты» әнімізді орындап берейік!!

3. «Тәуелсіз ел бақыты» әні

Жүргізуші: Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұрады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты. Ендеше балаларымыздың өлеңдерін тындайық.

Жүргізуші: Балалар біз қандай елде тұрамыз?

Балалар: Қазақстан

Жүргізуші: Біздің бас қаламыз қалай аталады?

Балалар: Астана

Жүргізуші: Ендеше балалар біздің Астанамыздағы ең биік Ғимарат

Қалай аталады?

Балалар: Бәйтерек

Жүргізуші: Сендер батыр деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Ия, балалар, қазақ батырлардың мақсат-мұраты – халқын, Отанын басқыншы жаудан қорғау. Батырлар елін, жерін, халқын сүйген, халыққа қамқоршы болған. Балалар, сендер қандай батырларды білесіңдер?

4. «Асық ты» мүсіндеу

Ойынның мақсаты — балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру!!

Балаларға ермексаз арқылы жұмыс жасау.

Балаларға сурет көрмесін салу. Балаларға сурет салуды

үйрету .

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Сендер өз елдеріңнің патриоттары екенсіңдер.

Ендеше келген қонақтарымызға еліміз туралы айтып берейікші!

Жүргізуші: Балалар біздің ел басшымыздың есімі кім?

Балалар: - Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: -Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: Туу, Елтаңба және Әнұран.

Жүргізуші: Балалар Туымыздың түсі қандай, Не бейнеленген туды? (Тудың суретін көрсетеді)

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!- деп біздің бүлдіршіндеріміздің «Отан ана» әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Отан ана»

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз! Сау болыңыздар!!!!



